

*Нұрбебек*  
*Сарсен*

**«Нұрбебек» мектепке дейінгі үйымы**

## **«Күлкі бәріне жарық сыйлайды»**

**Орындаған тәрбиеші: Иса.И.Н**

**2022 жыл**

**Тақырыбы:** «Күлкі бәріне жарық сыйлайды»

**Мақсаты:** Тәрбиеленушілердің өз мінезіне басшылық жасай алуын қалыптастыру: Қоңіл-күйін жағымды арнаға түсіруге баулу, көтерінкі көңіл-күйдің айналасындағыларға әсерін түсініп, сезінуге тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілдер:** Әңгімелесу, сұрақ-жауап, тілегін білдіру, жаттығулар т.б.

**Көрнекіліктер:** Суреттер, слайд т.б

**Сабак барысы:** Ұйымдастыру бөлімі

**Балалармен амандасу!**

**Шаттық шеңбері:** «Көңілді шаттық шеңбері»

Қане бәріміз ортаға шығайық. Балалар бір-бірімізben көзben амандасайықшы. Қазір әркімде әртүрлі көңіл-күй. Олай болса барлығымыз қызықты, жақсы сәтті есімізге алайық, осы жерде күн көмекке келеді. Балалар! Енді бәрін менің қолымдағы әдемі күнге қарандаршы, ол бізге әдемі күлкісін сыйлап тұр. Қане, біз де бір-бірімізге күн сияқты әдемі күлкімізді сыйлап, тілегімізді білдіреміз.

**Сұрақ-жауап**

-Өздеріңнің көңіл-күйлерін қалай?

Көңілдісіндер ме?

-Адамның көңіл-күйін қалай байқауға болады екен?

-Бет әлпетінен, көзінен, аузынан қыймылынан т.б

-Ал адамның көңіл-күйін көтеріп, жақсартуға болама екен?

-Оған жақсы сөз айтып, сыйлық сыйлауға болады не жақсылық жасауға болады.

**Суретпен жұмыс:** Суреттегі көңіл-күйлерді атап шығайық.

**«Көңіл-күйді бейнеле» жаттығуы.**

Берілген сұрақтарға сай әртүрлі көңіл-күйді бейнелендер.

1.Ойланып тұрган смайлук бет-әлпен кескіні.

2.Ренжіп тұрган смайлук бет-әлпеті.

3.Таңданған кейіп көрсету.

4.Қуанып тұрган смайлуктің бет-әлпеті.

-Осы жаттығуды орындағанда қын болды ма?

-Қандай көңіл-күйде болдыңдар?

-Жаттығу ұнады ма?

**Қортынды:** Балалар енді бізде көңіл-күйімізді түсірмейік. Бір-бірімізді ренжітпейік.

**Сергіту сәті: «Жүректен жүрекке»**

Балалар шеңберге шығып, бір-біріне тілектерін айтып , жақсы көңіл-күй сыйлайды.





